

ӘОЖ 329:316.652.2

Д.Е. Ақболат*, Ж.М. Төлен

Қазақстан Республикасының саяси тұрақтылығын қамтамасыз етудегі мемлекеттік саясат

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: akbolat.dinara@inbox.ru

Аннотация. Аталған мақалада авторлар қоғамның саяси тұрақтылығы бүгінгі таңда барлық мемлекеттер үшін өте маңызды, өткір мәселеге айналып отырғанын атап, мемлекеттің тұрақты стратегиялық дамуы ішкі саяси тұрақтылықсыз амалға аспайтынын меңзейді. Көпұлтты, көпконфессиялы Қазақстан үшін елдің ішкі саяси тұрақтылығын сақтау тәуелсіздік жылдарынан бастап мемлекеттің стратегиялық бағдары болғанын көрсетілген.

Түйін сөздер: саяси тұрақтылық, мемлекеттік саясат, стратегиялық даму, қоғамдық келісім, этноұлттық саясат, этносаралық саясат.

Қай мемлекеттің болмасын тұрақтануында, тәуелсіздігінің сақталуы мен дамуында саяси тұрақтылық мәселесі өзекті болып саналады.

Бүгінгі таңда бүкіл әлемде саяси тұрақтылық мәселесі өте өткір проблемалардың бірі болып отыр және барлық елдер толығымен әлеуметтік, саяси, экономикалық тұрақтылыққа жету проблемасын шешуге тырысып бағуда. Тұрақты және толыққанды даму үшін қоғамның барлық салаларында тұрақтылық қажет екені белгілі. Оның ішінде мемлекет дамуының басты шарты – саяси тұрақтылық. «Тұрақтылық» термині (*лат. stabilis* – тұрақты, орнықты) орнықты тұрақты қалыптасқан жағдайға алып келуді не сол жағдайды сақтап тұруды білдіреді. Қандай да болмасын жүйені құрылым ретінде қарауға болады, сол сияқты тұрақтылық қасиеттерінің компонентін де. Т. Парсонс айтқандай, егер жүйенің құрылымы мен процестердің арасында қатынас болса, жүйе тұрақты не болмаса салыстырмалы теңдікте болады [1].

Саяси жүйеге қатысты «тұрақтылық» сөзі оның өзінің құрылымын сақтай отырып, сыртқы және ішкі өзгерістердің шарттарында тиімді қызмет ету мен дамуға мүмкіндік беретін қалыпты жағдайы. Тұрақты саяси құрылым теориясына сәйкес қоғамның көпшілік бөлігі мен қоғамды басқарудың институттарына және биліктегі барлығына қатынастағы «қолдаудың» жоғары деңгейін көрсетеді.

Көптеген саясаттанушы ғалымдар пікірі бойынша егер саяси режимдегі институттар мемлекет азаматтарын ортақ идеяға біріктіре алса, онда тұрақтылықтың орын алу мүмкіндігі жоғары деп қарастырады [2].

Тұрақты мемлекетке тән нәрселер а) ұлтқа тиесілі бөлінетін сезім; б) басқару түрінің үздіксіздігі; в) басқаратын элиталардың біртіндеп ретімен ауысуы; г) билік құрылымының балансын сақтау үшін тежемелік және тепе-теңдік жүйесінің болуы; д) оппозицияның тиімді жұмыс жасауы үшін көппартиялық жүйенің қызмет етуі; е) орта таптың басым болуы [3]. Ал саяси тұрақтылық дегеніміз: «Бұл сыртқы және ішкі әсерлер жағдайында, өзінің құрылымын және қоғамдық өзгеріс процестерін бақылауға қабілеттілігін сақтай отырып, тиімді жұмыс істеуге және дамуға мүмкіндік беретін қоғамның бір қалыпты жағдайы» [4].

Дегенмен, саяси тұрақтылық бұл – мемлекеттің саяси жүйесінің өзгермейтін қатаң қағидаға негізделген тұрақты дамуы ретінде емес, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістерін, дамуын қоғамдық-саяси ортада қалыптасқан тұрақтандырушы фактор ретінде қарастыру. Саяси тұрақтылықтағы басты нәрсе – бұл билік құрылымдары қызметінің легитимділігінде, айқындылығында, тиімділігінде, байқалатын саяси мәдениеттің нормалары мен құндылықтарының тұрақтылығында, мінез-құлық типтерінің үйреншіліктілігінде, саяси қатынастардың бір қалыптылығында байқалатын тәртіпті қамтамасыз ету.

Қарқынды түрде даму үстіндегі Қазақстан мемлекеті үшін де қоғамның тұрақтылығы, мемлекеттің ұйысуы, қоғамның топтасуы, саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету негізгі мәселеге айналып отыр. Ата заңымыз Конституцияның І-бабында: «Республика қызметінің түбегейлі

принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкілхалықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе парламентте дауыс беру арқылы шешу» [5], – деп қарастырылған.

Конституцияда жазылғандай мемлекеттің басты принциптерінің бірі ретінде, елдің біртұтастығы үшін әрине саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім орнауы шарт.

Тәуелсіздік жылдарында полиэтносты, поликонфессиялы Қазақстан үшін елде қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтай отырып, тәуелсіздікті нығайту мемлекет саясатының ең басты мақсаты болды. Ол үшін ең бірінші мемлекеттің ішкі тұтастығына басты назарды аудару қажет. Ішкі біртұтастық пен саяси тұрақтылыққа қол жеткізу үшін елімізде өмір сүріп отырған барлық ұлттар мен этностардың құқықтық, саяси теңдігін сақтау арқылы амалға асырылды. Бұл қазіргі уақытта да мемлекеттің басты ұстанымына айналып отыр.

Осы тұрғыда Президент Н.Ә. Назарбаев мемлекеттің тұрақты түрде дамуы үшін ұзақ мерзімге бағытталған Қазақстан – 2030. Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы атты стратегиялық бағдарламасын жасады. Бағдарламада ұлттық даму стратегиясын жүзеге асыру үстінде кездесетін факторларға талдау жасала келе, ұзақ мерзімді басым мақсаттар мен оларды іске асыру жолдары көрсетілген. Стратегиялық бағдарламада: «Қазақстанға бүгін және алдағы ондаған жылдар ішінде ұлттық стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық біртұтастықты сақтап, нығайта беру» [6], – ұзақ мерзімді жіті басымдықтардың бастысы екендігі тұжырымдалған.

Қазақстанның бүгінгі күнгі ұстанып отырған басты саясаты тек келісімге, диалогқа келу яғни ымырагершілік «жақсы араздықтан жаман татулық жақсы» дейтін қағидаға негізделіп отыр. Мемлекетте бірнеше этностар мен ұлттар өмір сүргендіктен, сол этностар мен ұлттардың құқықтық, саяси теңдігін сақтай отырып, бір идеологияға, бір мақсат-мүддеге қоғамды топтастыру. Ол идеология Қазақстанның кешегісі мен бүгінгісі, болашағына негізделген еліміздің алға қойған мұраты. Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының тұрақты түрде ұзақ мерзімді

даму мақсатында еліміздің алға қойған мұратын: «Біздің еліміздің мұраты: ұлттық біртұтастық, әлеуметтік әділеттілік тән әрі күллі халқының экономикалық әл-ауқаты артқан тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстанды сомдау деп санаймын» – деген болатын [6, 29 б.].

Географиялық орналасу аймағы мен мемлекеттің даму қағидасы талап еткендей ел қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастықты қамтамасыз ету үшін біз күшті мемлекет болуға және көршілермен берік достық қарым-қатынаста болуға тиіспіз. Ал, әлеуеті артқан, жоғары деңгейдегі дамыған мемлекет болу үшін әрине мемлекеттің ең бірінші ішкі потенциалы жоғары, ішкі саяси тұрақтылығы орныққан, біртұтас ел болу қажет [7, 19 б.].

Қазақстанда этносаралық мәселелерді шешу екі басты кезеңде жүзеге асты. 1991-1995 жылдар – бірінші кезең. Этноұлттық саясат осы таяу уақытта ұлттық мемлекеттің негізін қалыптастыруға, қазақ халқының рухани және басқа ресурстарын шоғырландырды. Этностық топтар арасындағы интеграция қазақ халқының мәртебесін көтеруде және өтпелі кезеңде жас мемлекет етек-жеңін тезірек жинауға, жаңа талапқа бейімделуге мүмкіндік ашты. 1990 жылы қазанның 25-де Қазақстан Социалистік Республикасы «Мемлекеттік суверенитет туралы» Декларация қабылдады. Онда қазақ халқы мемлекет құрушы ұлт, қазақстандық мемлекеттің этномәдени ядросы деген қағида заңдық тұрғыдан жарияланды. 1991 жылы 16 желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңда «қазақ ұлтының өзін-өзі анықтау құқығы» айқындалды. Қазақстандық мемлекеттің ұлттық сипаты 28 ақпан 1993 жылы қабылданған Конституцияда толықтырылды.

Этносаралық қатынасты жетілдірудің екінші кезеңі 1995 жылы қабылданған Конституциядан басталады. Бұл негізгі құжатта мемлекеттіліктің жалпы азаматтық принциптері қоғамдағы интеграциялық үрдістерімен және ұлттың территориялық (азаматтық) моделімен толықтырылды [8]. Бұл Конституцияның негізгі векторы азаматтардың этносаяси бірлестігін азаматтық қоғамның үрдісімен үйлестіруге бағытталған.

1995 жылдың 1 наурызында Президент Жарлығымен Қазақстан халықтарының Ассамблеясы (ҚХА) құрылды. Ол республикадағы барлық ұлттық-мәдени орталықтарды қамтиды. Ассамблея мәдени-ағартушылық, атап айтқанда,

тілдер мен ұлттық мәдениеттерді, салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту мен насихаттау; тәрбиелік, яғни қазақстандық және ұлттық отан сүйгіштікті қалыптастыру; ұлтаралық қатынастарды қадағалау негізінде ұлтаралық татулық пен келісімді нығайту; Қазақстанды мекен еткен ұлт өкілдері арасында достық қарым-қатынастардың дамуына негіз болатын мемлекеттік саясат жүргізу жөнінде ұсыныстар жасайды. Ұлттық саясат саласындағы жаңа заң жобаларына қоғамдық сараптау жасайды. Ассамблея ұлттық саясаттың басты құралына айналып, онда 818 этномәдени орталықтар топтастырылған. Олардың жетекшілері Қазақстан халқы Ассамблеясының құрамына енеді. 46 этнос өкілдері өздерінің этномәдени орталықтарында бас қосып өнерлерін паш етуде. Ассамблея 2007 жылы конституциялық реформа барысында Мәжіліс Парламентіне тоғыз депутатты тікелей сайлауға мүмкіндік алды. Осылайша этностық топтардың мүддесін Парламентте тікелей қорғайтын конституциялық тетік жүзеге асты. 2008 жылы әлемдік тарихта алғаш рет «Қазақстан халқының Ассамблеясы туралы» Заң қабылданды.

Қазақстанда мемлекеттік саясат ұлттық және этномәдени бағытта жүргізілуде. Ұлттық саясаттың ерекшелігі де осы екі мәдени бағдардың бір-бірімен тоғысып жатқан арнасында. Этностық топтардың әлеуметтік мәртебесін қолдай отырып, еліміздің тұтас ұлттық мәдени қажеттілігін оңтайлы өтеуге жағдай жасалында. Жаңа деңгейдің көрсеткіші – этностардың рухани құндылығы мен мәдениетінің қайта өрлеуі, төзімділік мемлекеттік деңгейге көтерілді, халықтар арасында конструктивті диалог пен достық қарым-қатынас жалғасуда, тыныштық пен

келісім қоғамдық тәртіптің негізін құруда. Осындай оң өзгерістер қоғамдық жасампаздықтың сенімді негізін қалыптастырды [9].

Мемлекеттің ұлттық саясатының Қазақстандық үлгісі (моделі) этносаралық төзімділік (толеранттық) пен қоғамдық келісім. Ол ҚР Конституциясының қабылдануында [10], Қазақстан халықтар Ассамблеясының құрылуында (1995) [11], Конституциялық толықтырылуда (2007) [12], ҚР «Қазақстан халықтар Ассамблеясы» туралы қабылданған Заңда (2008) [13], «Ел бірлігі» доктринасында (2009-2010) [14] өз көрінісін табады.

Қазақстанның ұлттық саясатының басты бағдары – этностық топтардың теңдігін сақтай отырып Қазақстан қоғамының тәуелсіздік идеясына топтасуын нығайту. Осы әлеуметтік-мәдени құндылықты басшылыққа алған қазақ елі күрделі де құбылмалы тарихи кезде этносаралық кикілжіңге жол бермей, қоғамды жіктелуден сақтап келеді.

Елімізде этносаяси проблемаларды болдырмау немесе алдын алу үшін біріншіден, этностық топтардың құқығын қорғау, екіншіден, этностық дамуды қамтамасыз ету, үшіншіден, жеке адамның құқығын қорғай отырып, демократиялық, азаматтық қоғамның ықпалын арттыру қажет.

Этносаралық қарым-қатынастар қоғам мен мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін басты фактор болып табылады. Соған орай Республикада этносаралық жағдайды анықтау үшін зерттеу (сауалнама) жүргізілген. «Қазақстандағы этносаралық жағдайды Сіз қалай бағалайсыз?» деген сауалнама еліміздегі бірнеше этнос өкілдерінен алынған болатын (1-кестені қараңыз).

1-кесте

ҚР этносаралық жағдайды Сіз қалай бағалайсыз? (ұлттар бойынша)

		Этностық тегі							
		қазақ	орыс	өзбек	украин	ұйғыр	татар	неміс	басқа
Сіз ҚР-ғы этносаралық жағдайды қалай бағалайсыз?	Сәтті тыныш	48,2%	57,3%	54,3%	70,6%	30,0%	45,5%	70,6%	7,7%
	Жаксылау	36,1%	33,2%	21,7%	14,7%	36,7%	22,7%	17,6%	53,8%
	Ішкі шиеленіс бар	11,6%	7,8%	17,4%	8,8%	26,7%	18,2%	11,8%	15,4%
	Қауіптілеу	2,2%	1,4%	6,5%	2,9%	3,3%	4,5%	0%	7,7%
	Тіптен қауіпті	0,7%	0,3%	0%	2,9%	3,3%	9,1%	0%	7,7%
	Басқа жауап	1,2%	0%	0%	0%	0%	0%	0%	7,7%

Нәтижесінде алты этнос өкілдері респонденттерінің басым көпшілігі 85-87% Республикадағы этносаралық жағдайды тұрақты, оң деп, ал 3-4% тұрақсыз, қауіпті деп бағалаған [15]. Жауаптардың басым көпшілігі этносаралық жағдай тұрақты, қолайлы, жақсылау дегенге саяды. Бұл тұтастық Республикамыздағы татулық пен келісімнің бірден-бір көрінісі.

Президент осы уақытқа дейін қалыптастырып, ұсынған біздің идеологиямыз – ұлттық бірлік, мұның астарында Қазақстанда өмір сүретін этностық, діни, әлеуметтік-мәдени топтардың қауымдастығы жатыр.

Қазақстанда этносаралық татулық пен келісімді, саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттің бүкіл ішкі саясатының өзегі болды. Сонымен қатар ұлттық-мәдени әралуандық пен бірлікті жаңғырту әрі дамыудың мемлекеттік саясаты жүзеге асырылды.

Ел бірлігі доктринасы да қоғамды әрі қарай ұйыстыруға, Қазақстан халқын біріктіруге, оларға ортақ құндылықтар жасауға қолайлы шарттарды қалыптастыруға бағытталған. Қазақстанда этностық емес, азаматтық қауымдастық құру, этностық ерекшеліктеріне қарамастан, мемлекеттің барлық азаматтарына бірдей құқықтар беру, жауапкершілік арту, мүдделерін тоғыстыру. Бұл әлемдік тәжірибеге және Қазақстан жағдайына сараптама жасасақ біз үшін ең тиімді жол. Қалыптасқан халықаралық тәжірибе бойынша ұлттық мемлекетте бір ғана ұлт, яғни саяси ұлт өмір сүреді, ал мемлекеттің азаматтары түрлі этнос өкілдері. Оларды біріктіретін ортақ тіл, ортақ құндылықтар, ортақ мүдде мақсаттар болуы шарт. Бұл тұрғыда барлық этностардың ұйысуы, топтасуы қазақ ұлты негізінде ғана амалға аспақ.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев саяси тұрақтылық орын алу үшін міндетті түрде елімізде өмір кешіп отырған ұлттар мен этностардың теңдігі, өзара жарасымды түсіністікпен өмір сүруі, ал ол ұлттарды ұйыстырушы, ортақ келісімге келуіне негіз болар қазақ ұлты екендігін, яғни басқа этностардың алдында жауапкершілікті өз мойнына алып, қоғамда доминанттылық таныту қажеттілігін: «Қазақстанның болашағы — қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде «Көп ұлтты Қазақстанда жалпы ұлттық мүдделерді жүзеге асырудың бір ғана жолы бар екені айдан анық. Ол қазақ ұлтының біріктіруші рөлі жағдайында барлық халықтардың теңдігін қамтамасыз ету» [16], — деп атап өтті.

Ұлтаралық келісімді нығайтумен қатар, Қазақстан қоғамының бірлесуі идеясын жүзеге асыра отырып, ұлт ішіндегі бірлікті нығайту да маңызды болып табылады [16, 109 б].

Қазақстан Республикасының даму стратегиясында елімізді әлемге танытатын жалпы құндылықтар мен ұлттық бағдарлар қамтылған. Президент Н. Назарбаев айтқандай: «Қазақстанның этномәдени алуан түрлілігі – біздің басты ерекшелігіміз әрі даму әлеуетіміз».

Қазақстан этносаралық келісімнің өзіндік ерекше моделін ұсынған және әлемдік қауымдастық құптаған бірден-бір мемлекетке жатады. Республикамызда этносаралық келісімді нығайтудың тиімді нормативті-құқықтық және концептуалды негізі жасалынды. Қазақстан Республикасының Конституциясы елдегі барлық азаматтардың құқығы мен мүддесін олардың нәсілдік, ұлттық, діни және басқа да ерекшелігіне қарамастан қорғауға кепілдік береді.

Ұлтаралық татулық пен келісімнің мекеніне айналған еліміз барлық ұлттар мен этностардың жарасымды, бейбіт өмір сүруін қамтамасыз етіп, мемлекетте тұрақтылық пен бейбітшілік орын алып, әлем елдеріне үлгі болуда. Оның жарқын дәлелі Қазақстан 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етіп, Еуропадағы 56 мемлекеттің басын қосып Астана Саммитін өткізіп, халықаралық аренада үлкен беделге ие болды. Қазақстан экономикасының қарқынды дамуы, этносаралық келісім мен тұрақтылық осындай халықаралық деңгейдегі ұйымға төрағалық етуге мүмкіндік тудырды. Қазақстан төрағалығы еліміздегі ұлтаралық татулық пен келісімнің бірегей моделінің орнауына бағытталды.

Қазақстанның азаматтық қоғам мен келісім орнықтыруда жүргізген этносаралық саясаты әлемдік қауымдастықта құнды тәжірибе ретінде қабылданып, жоғары бағалануда.

Саммитте төрағалық етуден жиналған тәжірибе 2011 жылғы 57 мұсылман және басқа да елдердің басын қосқан Ислам конференциясы ұйымында, 2012 жылғы АӨСШК ұйымында өтетін төрағалықта сапалық жалғасын таппақ. Мұның өзі Қазақстанның тұрақтылықты, бейбітшілікті сақтауда тек мемлекеттік деңгейде ғана емес, Орталық Азия, мұсылман елдері, Еуропа одан әрі әлемдік деңгейде бастамашы ел ретінде үлгі болуда. Еліміздің бірлігі мен берекесінің арқасында бейбітшілік орнап, Қазақстан тыныштық арқылы тұрақтылыққа, татулық арқылы тұтастыққа қол жеткізді. Мем-

лекет құрушы ұлт ретінде Қазақстанда және әлемде қазақ халқына бүгінгі таңда зор тарихи жауапкершілік жүктеліп отыр. Ол барлық халықтардың татулығы мен тұтастығы.

Саяси тұрақтылық – Қазақстанды жедел дамыту мақсатында елдің адами, интеллектуалдық мүмкіндігін жандандыру мен жұмылдыруға, әрбір қазақстандықтың лайықты өмір сүру деңгейіне жетуге мүмкіндік береді. Және де мемлекет құраушы халық ретінде қазақ халқы елдегі этносаралық бірлік пен келісімнің сақталуына қалай жауапты болса, басқа этностар да мемлекеттің алдында өз жауапкершілігін соншалықты сезінуі қажет.

Әдебиеттер

1 Американская социологическая мысль: тексты. – М., 1994. – С. 464.

2 Постникова Л. Политическая стабильность. // Политолог: взгляды на современность. – Вып. 9. – М., 1996. – С. 31.

3 Общая и прикладная политология: учебное пособие / под общ. ред. В.И. Жукова, Б.И. Краснова. – М.: МГСУ Изд-во «Союз», 1997. – С. 522.

4 Әбсаттаров Р.Б. Саяси тұрақтылық және ұлттық қауіпсіздік: жүйелік талдау // ҚазҰПУ хабаршысы. Әлеуметтік ғылымдар және саясаттану сериясы

5 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995. – 4 б.

6 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. Барлық

қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. – Алматы: Білім, 1998. – 256 б.

7 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. – 19 б.

8 Султанов Б.К. Консолидация политической системы Казахстана: проблемы и перспективы. – Алматы, 1999. – С. 125.

9 Этносаяси процестерді дамытудағы БАҚ рөлі (Қазақстандық тәжірибе). – Алматы, 2010. – 24 б.

10 Қазақстан Республикасының Конституциясы – Қазақстан мемлекетінің Ата (негізгі) заңы. 1995 ж. 30 тамыз // www.akorda.kz/.../constitutional_control_in_the_republic_of_kazak.

11 Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) // [kk.wikipedia.org/wiki/ Қазақстан халқы ассамблеясы](http://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстан_халқы_ассамблеясы).

12 Қазақстан Республикасының Конституциясы – Қазақстан мемлекетінің Ата заңы. 2007 ж. // www.constcouncil.kz/kaz/norpb/constkr/.

13 Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы № 70-IV Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008. – № 17-18, 70-құжат;

14 Ел бірлігі доктринасы / Дала мен Қала газеті 05.05.2010

15 Этносаяси процестерді дамытудағы БАҚ рөлі (Қазақстандық тәжірибе). – Алматы, 2010. – 32 б.

16 Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. – 108 б.

Д.Е. Ақболат, Ж.М. Төлен

Государственная политика Республики Казахстана в сфере обеспечения политической стабильности

В статье представлен теоретико-прикладной анализ категории «политическая стабильность». Авторы указывают, что реализация государственной стратегии устойчивого развития невозможна без внутренней политической стабильности. Таким образом, сохранение внутренней политической стабильности является государственным стратегическим направлением многонационального и многоконфессионального Казахстана, разработавшего свою модель государственной политической стабильности.

D.E. Akbolat, Zh.M. Tolen

State policy of Republic of Kazakhstan in the sphere of providing political stability

In the article the author considers that the political stability is essential and important for all the countries of the world. Nowadays it is one of the actual problems as well. The author points out that there is no state strategic development without internal political stability. That is why to save its internal political stability and unitarity any state should be grouped around the common ideology. Saving the internal political stability is the state strategic direction of the multinational and multiconfessional Kazakhstan. Kazakhstan developed its model of saving the state political stability and suggests it to all the countries of the world.